Издается с 20 декабря 1999 года

# Саран газеті

ЕЖЕНЕДЕЛЬНАЯ ГОРОДСКАЯ ГАЗЕТА

13 ноября
2024 года
СРЕДА
№ 91 (1691)




Читайте нас на сайте sarangazeti.kz, а также в saran_today, saran_gazeti sarangazeti

## КАСЫМ-ЖОМАРТ ТОКАЕВ ПОСЕТИЛ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ПРИЕМ ОТ ИМЕНИ ПРЕЗИДЕНТА ФРАНЦИИ





Президент Франции дал в Елисейском дворце государственный прием в честь Президента Казахстана.

Обращаясь к Эммануэлю Макрону и его супруге Бриджит Макрон, Касым-Жомарт Токаев поблагодарил их за особое гостеприимство и дружественное отношение к казахской делегации.

На прием были приглашены члены Правительства Франции, известные политики, представители деловых, научных и дипломатических кругов, а также видные деятели культуры и спорта двух стран.

**gov.kz**

САРАН ҚАЛАСЫНЫҢ 70 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ

## БАРЛЫҚ ЕУРОПАЛЫҚ СТАНДАРТТАРҒА САЙ





Дина ӘБДІҒАЛИЕВА

**Қалалық «Сұңқар» стадионында атақты футболшы, Ұлттық құрамадағы матчтар саны бойынша рекордшы, алты дүркін ел чемпионы, бес дүркін жүлдегер және Қазақстанның төрт дүркін үздік футболшысы Самат Смаков футболдан мастер-класс өткізді.**

Оған салауатты өмір салтын насихаттап жүрген қаламыздың жас футболшылары қатысып, Қазақстан футбол федерациясының қолдауымен «ALAÑ» жобасы аясында жаңадан төселген футбол алаңында бірінші рет жаттығу жасап көрді.

ЖАЛҒАСЫ 2-БЕТТЕ

СПОРТ

## НАШИ ИМЕНА НА КАРТЕ МИРА!

Надежда ЦХАЙ

**В эти дни в индийском городе Мапуса проходит Чемпионат мира по Фунакоши каратэ. Наши ребята – представители клуба «Годан» принимают активное участие. Тренер клуба Анастасия Иверская в выходные завоевала два первых места – в командном ката и индивидуальном кумите.**




А вот результаты воспитанников клуба: Гуреева Альмира индивидуальное ката 14-15 лет 3-1 кю - 1 место, командное ката вместе со сборной Казахстана - 1 место! Халитов Равиль индивидуальное ката 14-15 лет 2 кю - 1 место, индивидуальное кумите 14-15 лет 2 кю - 1 место.

Поздравляем!

САРАН ҚАЛАСЫНЫҢ 70 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ

# БАРЛЫҚ ЕУРОПАЛЫҚ СТАНДАРТТАРҒА САЙ





**(Басы 1-бетте)**

- Мен «ALAÑ» жобасының амбассадорымын. Біз Қазақстанның түкпір-түкпірінде балаларға шеберліктерін шыңдап, тамаша жағдайда жаттыға алатындай, армандарына бір табан жақындату үшін осындай керемет футбол алаңдарын ашып жүрміз. Әркімнің кәсіби футболшы болуды армандайтынына сенімдімін, - деді белгілі футболшы Самат Смаков.

Футбол алаңына УЕФА-ның барлық халықаралық талаптарына жауап беретін итальяндық «Safitex» компаниясының заманауи көгалы төселінген. Оның сапасы да жоғары. Бұл алаңда жаттығып көрген ойыншылар да допты жүргізу, бір-біріне доп шығару әдіс-тәсілдерді жасау едәуір ыңғайлы әрі жайлы екенін өздері сезініп көрді. Олармен бірге Самат Смаков та ашық жаттығу өткізіп, ойын барысында таптырмас бірнеше құнды кеңестерімен, кейбір қырларымен бөлісті.

- Мен «Енисей» әйелдер футбол командасының және Қазақстан ұлттық құрамасының ойыншысымын, осындай әдемі футбол алаңы үшін рақмет айтқым келеді. Бұл жобаның бүкіл Қазақстан бойынша жалғасын тапқанын қалаймын. Бұл балалар мен жасөспірімдердің, сондай-ақ, ересектер футболын дамытуға қосқан үлкен үлес. Өз басым 2009 жылдан бері футбол ойнап келемін. Осында өзімнің алғашқы жолымды бастадым, - деп атап өтті жерлесіміз, талантты футболшы Анастасия Низамутдинова.

Жаңартылған алаң жас футболшыларды дайындауға және бұқаралық іс-шараларды өткізуге жаңа мүмкіндіктер сыйламақ. Түрді деңгейдегі спорттық жарыстардың өтуіне де септігін тигізбек.

Қызу тартысқа толы мастер-класстан соң демеушілер тарапынан естелік сыйлықтар мен футбол доптары сыйға тартылды.

РЕФОРМЫ В ДЕЙСТВИИ

# ТЫ НЕ ОДИН!

Надежда ЦХАЙ

**Седьмого ноября в Доме культуры состоялась акция «Ты не один!» с участием лиц, находящихся на пробационном контроле и лиц, освобожденных из мест лишения свободы.**



В акции приняли участие представители прокуратуры, Карьерного центра и Отдела занятости и социальных программ, городской больницы, Центра поддержки семьи, судебные исполнители и т.д. Главная цель состоявшейся акции, как отметил заместитель акима С. Бейскеев, - это оказание помощи и поддержки людям, оказавшимся в сложной жизненной ситуации.

В ходе акции были заданы вопросы по трудоустройству, оплате судебных задолженностей, применения электронных средств слежения, социальных выплат. Также было сделано флюорографическое обследование нуждающимся и выдано шесть продуктовых наборов.

Данная акция проходит в нашем городе не в первый раз. За это время она стала регулярной, а ее участники действительно оказывают важную помощь людям в сложных ситуациях, тем, кто в ней нуждается.



МАҢЫЗДЫ

# АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІҢ ҚЫЗМЕТ АЛУШЫЛАРДЫҢ БҰЗЫЛҒАН ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУДЕГІ РӨЛІ

Қазіргі уақытта ақпараттық жүйелер мемлекеттік қызметтер көрсетуді жеңілдетіп, азаматтардың құқықтарын қорғауда маңызды рөл атқарады. Қазақстан Республикасында цифрландыру процесі қарқынды дамып келеді, нәтижесінде мемлекеттік қызмет көрсету сапасы артып, оның ашықтығы мен қолжетімділігі қамтамасыз етілуде. Ақпараттық жүйелер мемлекеттік органдар мен азаматтар арасындағы қарым-қатынасты жеңілдетіп, қызмет алушылардың бұзылған құқықтарын тиімді қалпына келтіру үшін қажетті тетіктерді ұсынады.

Ақпараттық жүйелердің құқық қорғаудағы артықшылықтары туралы айтатын болсақ, ақпараттық жүйелердің енгізілуі мемлекеттік қызметтердің барынша ашық болуын қамтамасыз етеді. Электрондық үкімет платформалары, атап айтқанда eGov.kz, е-лицензиялау, АХАТ (азаматтық хал актілерін тіркеу) жүйелері азаматтарға өз құқықтарын қорғау мақсатында қажет ақпарат пен құралдарды алуға мүмкіндік береді. Бұл жүйелердің артықшылықтары келесідей:

- Қолжетімділік пен жылдамдық: Азаматтар онлайн режимде мемлекеттік қызметтерге қол жеткізе алады, бұл олардың өз құқықтарын қорғау барысындағы кедергілерді азайтады.
- Ашықтық: Әрбір азамат өз өтінішінің статусын қадағалап, қажетті мәліметтерді алу мүмкіндігіне ие.
- Жүйелілік: Құжаттарды жоғалтқан немесе бүлінген жағдайда, электрондық жүйелерде сақталған ақпарат арқылы оны қалпына келтіру жеңілдейді.

Ақпараттық жүйелер арқылы құқық бұзушылықтарды анықтау және шағымдарды тіркеу мүмкіндігі де ерекше бағыт.

Себебі, электрондық үкімет порталы арқылы қызмет көрсету барысында кездесетін құқық бұзушылықтарды сол жүйеден шықпай-ақ тіркеуге мүмкіндік береді. Мысалы, азамат eGov.kz порталындағы арнайы бөлім арқылы шағым немесе өтініш қалдырып, мемлекеттік қызмет көрсету кезіндегі кемшіліктер мен құқық бұзушылықтарды хабарлай алады. Бұл шағымдар мемлекеттік органдар тарапынан қаралып, азаматтардың құқықтарын қалпына келтіру үшін қажетті шаралар қабылданады. Сонымен қатар, азаматтың шағымын қарау нәтижелері де ашық түрде жарияланады.

Сонымен қатар, Агенттікпен қазіргі уақытта қызмет беруші мекемелердің ақпараттық жүйелеріне қолжетімділік берілуі арқылы қызмет алушылардың құқықтарының бұзылмауына қашықтықтан бақылау жүргізуге қол жеткізіп отыр. Ол арқылы қызмет алушылардың шағымын күтпестен орын алған заңбұзушылықтарға жылдам ден қоюға, талдау жүргізіп, уақытылы қажетті шараларды жүргізуге мүмкіндік беріп отыр.

Қызмет алушылардың бұзылған құқықтар қорғаудағы ақпараттық жүйелердің келесі маңызды рөлдерінің бірі – мемлекеттік органдардың қызмет көрсету процесінің ашықтығы мен есептілігін қамтамасыз ету. Мемлекеттік қызмет көрсету процесін автоматтандыру, артық құжаттар талап ету, мерзімнің кешіктірілуі сияқты әкімшілік кедергілердің алдын алуға көмектеседі. Осылайша, азаматтар өздерінің құқықтарының бұзылмауын қадағалап, құжаттар мен өтініштердің қаралу барысын бақылап отырады.

Қорыта келе, ақпараттық жүйелер Қазақстан Республикасында қызмет алушылардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіруде маңызды құрал болып табылады. Олар мемлекеттік қызмет көрсету процесін оңайлатып, ашықтық пен қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Азаматтар өз құқықтарын қорғауға бағытталған заманауи ақпараттық жүйелер арқылы өз мәселелерін тезірек және тиімдірек шешуге мүмкіндік алады. Алдағы уақытта Агенттікпен ақпараттық жүйелерді жетілдіру және қызмет көрсету сапасын жақсарту бағытында жұмыстар өз жалғасын табатын болады

**Ж.Сәрсен,**
**Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің басшысы**

КО ДНЮ ГОРОДА

# ЦВЕТИ, МОЙ ГОРОД!



Надежда ЦХАЙ

**Нынешний год для Сарани является особо знаменательным, ведь 20 декабря наш любимый город отмечает свой 70 – летний юбилей.**





За столь небольшой для настоящего города срок, Сарань открыла целый цикл страниц, связанных с различными событиями, но главным ее достоянием являются люди – это ветераны и первостроители, Почетные граждане и горняки, педагоги, врачи, представители рабочих специальностей и многие другие. Каждый из них внес свой неоценимый и замечательный вклад в становление и развитие любимого и такого родного города. Конечно, немало людей живут теперь в ближнем и дальнем зарубежье, но многие из них приезжают в гости и отмечают – насколько за последнее время преобразилась Сарань – все это заслуга горожан.

И конечно, у всех, кто живет в Сарани, всегда есть что вспомнить и рассказать – истории о родном городе, яркие моменты. Вот и в этот раз на диалоговой площадке школы – гимназии №17 состоялось большое мероприятие под названием «Мой край родной с удивительной судьбой». Именно большое – потому что в этот день здесь собрались представители разных поколений - молодежь и Почетные граждане Сарани, ветераны труда, старожилы – и все они делились своими воспоминаниями – такими искренними, теплыми – чувствовалось, что в этих рассказах и живет наш город, имеющий свою неповторимую судьбу.

На мероприятии, которое было инициировано Саранским городским филиалом РОО «Организация ветеранов», было очень много знакомых лиц. И конечно, свои поздравления и пожелания городу – юбиляру подарили председатель Саранского городского филиала РОО «Организация ветеранов», Почетный гражданин г. Сарани, ровесница города Ж. Токушева, уважаемые старожилы Сарани М. Гаджимагомедов и Т. Чапурина, Почетный гражданин Сарани А. Хайруллина, ветеран здравоохранения Т. Кучеренко. Их воспоминания – это настоящая ценность для нас, представителей последующих поколений, ведь так интересно узнавать, как строился город, как закладывались первые улицы, проходили знаменитые субботники, открывались первые предприятия, строились административные объекты и целые жилые микрорайоны.

Также выступил руководитель Отдела образования А. Бактыбаев, который сказал много теплых слов в адрес ветеранов, старожилов Сарани.

Вспомнили во время мероприятия и о первых лицах Сарани. Среди них Е. Зимина, М. Мендыбаев, А. Бекбергенов, С. Ахметов, М. Кожухов, И. Бородин и многие другие. Лучшие традиции, как отмечалось в ходе встречи, заложенные первыми руководителями, живы по сей день!

Особый колорит и ощущение праздника всем участникам дарили ведущие А. Еркен и Е. Ескендирова, ансамбль домбристов ДШИ, А. Цепелева, А. Еримов, И. Заманай, а также учащиеся школы – гимназии №17.

На память с особыми напутствиями учащимся данной школы председатель Саранского городского филиала РОО «Организация ветеранов», вручила Капсулу времени. Таким образом старшее поколение передало эстафету молодежи, которая теперь будет хранить традиции родного города, а также приумножать сложившиеся ценности.

Цвети, мой город!
В славный юбилей у дастархана собери друзей!
Теплом сердец согреем и спасем!
Живи наш город –
Светлый отчий дом!

*Совет ветеранов выражает благодарность руководителю ГУ «Отдел образования» г.Сарани А.Бактыбаеву, директору ШГ №17 Н.Максименко, менеджеру школы А. Хамитовой, директору КГКП «Центр детско-юношеского творчества «Дом Дружбы» г. Сарань Т.Насекиной, директору КГКП «Детская школа искусств» Т.Мусалиевой, за особое внимание и поддержку ветеранов города.*

ОБРАЗОВАНИЕ

# День открытых дверей прошел на Станции юных техников под лозунгом «Технолаб: будущее начинается здесь»



Станция юных техников пригласила всех желающих на ежегодный День открытых дверей, который состоялся в период осенних каникул.

Это стало уникальной возможностью для обучающихся и их родителей познакомиться с инновационными программами, проектами и техническими направлениями, и на день окунуться в атмосферу технического творчества.

В начале мероприятия, гостей встречали педагоги, вручая «бейдж обучающегося», и небольшой сюрприз. Затем гости смогли посетить выставку технического творчества обучающихся КГУ «СЮТ». После работы выставочного павильона родителей и обучающихся ждала практическая часть мероприятия. В ходе которого они смогли посетить мастер-классы по робототехнике, начальному техническому моделированию, Wood art, инженерии, автоматизации процессов и новатору. Гости выполняли все задания с большим энтузиазмом, делали инженерное проектирование дома, добавляли освещение в виде фонарей, создавали программу по электронному освещению дома, а также добавили инфраструктуру и создали игровые площадки с качелями из LEGO.

Проходя мастер-классы, гости задались вопросом, так как на протяжении этого времени пропадали участники. В это время свою работу демонстрировал кружок «Видеоблогинг», педагог попросила озвучить мультфильмы на русском и казахском языках. В завершение мероприятия все участники посмотрели видеофильм со своей работой на Дне открытых дверей. Участники мероприятия увидели и услышали насколько они талантливы, и что в любом возрасте интересно пробовать что-то новое и не бояться! После видеоряда гости открыли свои «сюрпризы», которые получили в начале мероприятия и обнаружили там наклейки для создания настроения гостям и обратной связи педагогам. Мероприятие вызвало яркие и незабываемые эмоции гостей Дня открытых дверей на Станции юных техников.

В заключение хотелось бы добавить, Станция юных техников — это то место, где ребенок может открыть для себя новое увлечение, погрузиться в мир инженерии и технологий, и развивать свои способности в окружении дружелюбной и творческой атмосферы.

**Д. Мациевская,**
**и.о. заместитель директора**
**по методической работе**
**КГУ «Станция юных техников»**

МЕРЕЙЛІ МЕРЕЙТОЙ






# 65 ЖЫЛДЫҚ – ЖАРҚЫН ЖЫЛДАР ЖЕМІСІ

Дина ӘБДІҒАЛИЕВА

**Самғатқан сан қыранды Алтын ұям! Дәл осындай атаумен қалалық балалар өнер мектебі өзінің 65 жылдық мерейтойын дүркіретіп атап өтті.**

Қалалық балалар өнер мектебінің тарихы 1959 жылдан басталады. Осы уақыт аралығында талай жас өреннің бағын жағып, дарындылар мен талантардың шығармашылық мекеніне айналған өнер мектебінің жасаған еңбегі, жеткен жетістігі аз емес. 7 қараша күні оқу ордасының көптен күтпен ұлы тойы бар сән-салтанатымен атап өтіліп, мазмұнды бағдарламаға қанық төрт бөлімнен құралды.

Ең алдымен қара шаңырақтың қабырғасында қалалық білім бөлімінің әдіскерлері, білім ұйымдарының қызметкерлерінің қатысуымен пленарлық отырыс өтті. Оны өзінің алғы сөзімен қалалық білім бөлімінің басшысы Арман Бақтыбаев ашып, өнер мектебін мерейтойымен құттықтады. Келесі болып сөз алған Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының қосымша білім беру және тәрбие жұмысы бөлімінің басшысы Айгүл Калмагамбетова өнер мектебіне деген ең ізгі тілегін арнады. Одан бөлек, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында айтқан ұлттық құндылықтарға тоқталып, ««Біртұтас тәрбие» тәрбие бағдарламасын іске асыру тетіктері» тақырыбындағы баяндамасын оқыды. Ал «Сарыарқа дарыны» балаларға қосымша білім беру аймақтық ғылыми-практикалық орталығының әдіскері Бекбосын Жайдарман болса, «Сарыарқа дарыны» балаларға қосымша білім беру аймақтық ғылыми - практикалық орталығымен Қарағанды облысының қосымша білім беру ұйымдарымен бірлескен жұмысы мен жоспары туралы баян етті. Тағылымды шараның екінші бөлімінде балалар өнер мектебінің «Шежіресі сырға түнған мектебім» атты презентациясы назарға ұсынылып, өнер ордының қалыптасу тарихынан сыр шертілді.

Салтанатты кештің қалған екі бөлімі қалалық мәдениет үйінде әдемі жалғасын тапты. «Мектеп – ғұмыр» атты көрмеде қаз-қатар тізіліп тұрған оқу орданың дарынды оқушыларының өнері әрбір қонақтың жүрегінен орын алды. Екінші қабатта өтіп жатқан оқытушылардың шеберлік сабағы шара қонақтарын одан сайын қызықтыра түсті. Себебі дәл олардың көз алдарында ақ парақтың бетіне күздің әсем пейзажы, хас сұлудың портреті пайда болып, қарапайым ақ мата кестелі орамалға айналды.

- Қазір мен құрғақ пастель техникасын пайдала отырып, күзгі пейзажды жасап отырмын. Бұл техника - өте жарқын, нәзік ерекше материал. Жұмыстар түрлі-түсті және өте қанық боп шығады, - деп 20 жылдық тәжірибесі бар балалар өнер мектебінде бейнелеу өнері сыныбының оқытушысы Светлана Бейсекеева күздің мизам шуағы бейнеленген сәтті аппақ қағазға түсірді.

Шеберлік сабақтарды көрген әр келуші жұмыстарға тамсана қарады. Тіпті, қызығушылық танытып, өздері де оқытушылардың көмегімен айбат дүниенің шығуына атсалысып көрді.



- Саран қаласының балалар өнер мектебін 65 жылдық мерейтойымен құттықтаймын! Шын жүректен шығармашылық табыс тілеймін. Шараның өзі өте керемет әсер қалдырып жатыр. Біз өнер мектебімен көп жылдар бойы тығыз жұмыс жасап келеміз. Әлеуметтік желі арқылы балалардың шетелге шығып жатқанын көремін. Осылай біздің ұлттық аспаптарымызды шетелде жаңғыртып, дүниежүзіне танытып жатқанына өте қуаныштымын,- деп алған әсерімен бөлісті «Колобок» бөбекжайының директоры Айнұр Абилова.

Шеберлік сабақтардан соң басталған мерейлі мерейтойда алғаш болып сөз алған қалалық білім бөлімінің басшысы Арман Бақтыбаев: «Сіздер біздің қаламыздың мәдени өмірінің дамуына зор үлес қосудасыздар. Балалардың бойына шығармашылық қабілеттерге, әдемі эстетикаға деген сүйіспеншілікті тәрбиелеудесіздер. Бүкіл білім беру қоғамдастығы атынан сіздерге еңбектеріңіз үшін ризашылығымызды білдіреміз»,-дей келе Қарағанды облысы білім басқармасының құрмет грамотасымен білім беру саласын дамытуға қосқан мол үлесі мен педагогикалық қызметте шығармашылық табыстарға қол жеткізіп, біліктілік танытқаны үшін балалар өнер мектебінің директоры Толқын Мусалиеваны марапаттап, қаржылай сертификат табыс етті. Сондай-ақ, балалар өнер мектебіне еңбегі сіңген, 25 жыл басшылық жолындағы шеберлігі мен кәсіби біліктілігі үшін Кожухова Зәуреш Алтынбекқызы мен 15 жыл басшылық еткен Нұрсафина Күләш Құралқызын қалалық білім бөлімінің алғыс хатымен марапаттады. Әрдайым шығармашылық шыңнан көрініп жүрген оқытушылардың еңбегі де еленіп, Қарағанды облысы білім басқармасының құрмет және алғыс хаттары, Саран қаласы білім бөлімінің құрмет грамоталары салтанатты түрде табысталды.

- Мектебімізде балалар 16 мамандық бойынша білім алады. 70-ке жуық ұстазымыз бар. 1200-дей оқушы оқып жатыр. Музыка, хореография, актерлік шеберлік және көркемсурет бағыттары бойынша жұмыс жасаймыз. Осы уақыт аралығында шамамен 2500-ден астам түлек түлеп ұшты. Бүгінгі күні мектебіміз даму үстінде. Жаңа-жаңа технологияларды қолданып, балаларға жаңа бағытта білім беріп жүрміз. Жылдан-жылға материалдық базамыз да дамып, мектебіміз көркейіп келе жатыр, - деп атап өтті балалар өнер мектебінің директоры Толқын Мусалиева.

Қала әкімінің міндетін атқарушы Мақсат Қайрешовтің құттықтау сөзін оқыған қалалық ішкі саясат бөлімінің басшысы Ғалия Туртбаева да сырлы Саран қаласының 70 жылдық мерейтойымен тұспа-тұс келген өнерлі шаңырақтың 65 жылдығымен құттықтай отырып, білім беру жүйесіндегі жоғары кәсібилігі, белсенді азаматтық ұстанымы үшін өнер мектебінің қызметкерлерін Саран қаласы әкімінің құрмет және алғыс грамоталарымен марапаттап, өнер ордасына қаржылай сертификат табыстады.

- Бұл марапат күтпеген жерден болды. Мерейтойлық жылда қала әкімінің атынан осындай жоғары награда алу – үлкен мәртебе. Бір жағынан, бұл мен үшін өте ерекше сәт. Өйткені менің ата-бабаларым мектептің ашылуына үлес қосқан. Сол себепті марапат алғаныма өте қуаныштымын, - деді фортепиано сыныбы бойынша оқытушы және кәсіподақ комитетінің төрағасы Татьяна Шулейко.

Одан бөлек «Сарыарқа дарыны» балаларға қосымша білім беру аймақтық ғылыми-практикалық орталығының басшысы Нүркен Ашықбаев мектеп ұжымына шығармашылық табыс тілей отыра алғыс хат табыстады. Ал Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының қосымша білім беру және тәрбие жұмысы бөлімінің басшысы Айгүл Калмагамбетова бірқатар оқытушыларды Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының құрмет және алғыс грамоталарымен марапаттады. Келесі болып сахна төріне шыққан білім қызметкерлерінің жергілікті «Білім» кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Алия Жамбеисова мен қалалық білім беру саласы кәсіподағының төрағасы Әйгерім Акпарова жылы лебізін білдіріп, сый-сияпаттарын берді.

Ленин даңғылындағы шағын ғана жерден бастау алған өнер мектебі бүгінде үлкен ордалы өнер ұжымына айналды. Жыл сайын мектеп шәкірттері қалалық, облыстық, республикалық және халықаралық деңгейдегі байқаулар мен фестивальдерге қатысып, қаламыздың ғана емес, еліміздің абыройын асқақтатып келеді. Мектеп түлектері де жоғары оқу орындарында білім алуын жалғастырып, өнер әлемінде қанаттарын кеңге жаюда. Бүгінде балалар өнер мектебінің дарынды түлектері көпті өнерімен тамсандырып жүр. Арнайы мерейтойлық концертке де өнер мектебінің шәкірттері: Нұрланов Диас, Алиев Манас, Молдабаева Айша, Еримов Алихан, Нұрмаханов Ақжол, Абжатова Ажар, Тоқсанова Толғанай, Сәулет Мәди келіп, музыкалық құттықтауын тарту етті. Сондай-ақ шараға облыстық мәдени ошақтарда өнер көрсетіп, ұлттық мәдениетті дәріптеп, ұлттық өнерді асқақтатып жүрген домбырашы Қайрат Омаров пен кларнетші Қасымов Қайыржан қатысып, қуанышты күнде қолдауын көрсетті.

Бұл көптің есінде сақталатын мерекелік шара бүгінге тарих бетінде қалатын ерекше сәт. Бұл күні Қарағанды облысының балалар шығармашылығын дамытуға зор үлес қосқан ұстаздардың мерейі артты. Оқытушылар бір адамдай дайындаған кеш те жоғары деңгейде өтіп, бір деммен тамашаланды. Көрермендер көпке дейін қол соғып, қошеметін көрсетті.

## БІЛІМ

# БЕРЕКЕЛІ АЛТЫН КҮЗ





24 қазан күні «Алтын күз» мектепішілік іс-шарасы өтті. Бұл іс-шара оқушыларға күз кереметтерін көрсету, оқушылардың бойына сахналық мәдениетті қалыптастыру мақсатында өткізілді. Іс-шара барысында оқушылар күз мезгіліне байланысты дайындаған өнерлерін таныстырды.

Байқау үш кезеңнен тұрды. Әр кезең бойынша әділқазы алқалары бағалап отырды. «Таныстыру», «Сән үлгісі», «Өз өнері» кезеңінде барлық қатысушылар жоғары ұпайлар алып, ерекше көзге түсті. Оқушылар ортаға өздері жаттаған тақпақтары мен өнерлерін көрсете білді. Мерекелік іс-шараға әділ-қазылар алқасы өз бағасын берді. Байқау соңында сайыскерлердің бәрі мақтау қағазымен, грамоталармен марапатталды. Бұл іс-шара мереке мен шаттықтың орнына айналды. Ешкім сырт қалмайтындай және әркім өз бойындағы бар өнерін салатындай көңілді де, ұмытылмас атмосфера орын алды. Бұл іс-шара ата-аналар мен балалардың бірлескен шығармашылықтары негізінде ұйымдастырылды. Ұйымдастырушылар: 2"ә" сыныбы, сынып жетекшісі – Д.Д. Базылова және 3"ә" сыныбы, сынып жетекшісі – Ү.С. Қалмұрат.

**Д.Базылова,**
**«№6 жалпы білім беретін мектеп» КММ бастауыш сынып мұғалімі**

## КО ДНЮ ГОРОДА

# ВЕЛИКИЙ МАСТЕР КРАСОТЫ



Художник берет в руку кисть, накладывает на полотно мазок за мазком, и на наших глазах рождается прекрасная картина, наполненная светом его Души! Откуда он черпает вдохновение? Из жизни! Может быть поэтому каждая его картина - это неповторимый шедевр, оставляющий глубокий след в нашей судьбе, в особом восприятии красоты окружающего мира. Картины художников... Они не могут оставить нас равнодушными созерцателями, потому что вызывают такую бурю эмоций, от которых хочется и плакать, и смеяться, и грустить, и просто ЖИТЬ, веря в чудеса, в великую силу ИСКУССТВА!

Удивительная история произошла с картинами известного художника нашего города Ворохобина Владимира Кузьмича. Как будто бы через десятилетия он напомнил таким необычным, оригинальным способом о себе, о своем творчестве.

Немного истории «возрождения» его шести картин, являющихся гордостью школы-интерната №7, бесценным наследием города.

**Из воспоминаний Натальи Игоревны Слабой - учителя по художественному труду и географии:**

- Когда то в здании школы находилась Школа искусств, и при переезде в другое здание, во всей этой суматохе как-то так получилось, что эти шесть картин оказались у меня на хранении. Я следила за их сохранностью и однажды решила отнести их в школу, чтобы они радовали не только меня, но и весь коллектив школы. Картины долгое время находились в учительской, затем в фойе школы. К сожалению, ни я, и никто другой не заинтересовались тем, кто же автор этих картин. Привыкли к тому, что они висят то в одном, то в другом месте, и как-то уже особо не обращали на них внимание. Со временем они потускнели, и под стеклом уже не так четко просматривалось то, что было отображено в этих художественных произведениях.

Казалось бы, что их время истекло. Но...



**Асылковские перелески**

Продолжим историю со слов воспитателей средней группы данной школы - Берrouteгер Галины Георгиевны и Колосовой Надежды Ивановны:

- В ходе очередного ремонта крыши, протекающей во время дождя, пострадавшие картины решено было унести в подсобку, и рассмотреть вопрос об их ненадобности в связи утратой приглядного внешнего вида. Но мы решили убрать затемневшие от времени стекла и посмотреть в каком состоянии картины вне стекла. И нашему взору открылось не только все великолепие и сочность сохранившихся красок, но и автограф художника. В срочном порядке обновлялись рамки и проводилась соответствующая работа. Картины были спасены! Дополнительно проводилась исследовательская деятельность с подключением интернет- ресурсов. Она настолько увлекла учащихся школы, что они поставили пред собой цель: во чтобы то не стало найти родственников художника.

Их радости не было предела, когда они нашли его дочь - Епанешникову Людмилу Владимировну.

При знакомстве с ней, на выставке отреставрированных работ ее отца,все испытывали непередаваемое волнение, оттого,что им было суждено открыть для себя необычайно красивый внутренний мир художника.

По инициативе учащихся нашего интерната, с целью более углубленного изучения творчества В.Ворохобина, в областном музее изобразительного искусства была организована камерная выставка о жизни и творчестве художника,посвященная 70-летию города. Главный хранитель музея Данкеева Дамиля Жарыгеновна провела общий обзор его картин, рассказала об истории их создания. Рассматривая альбомы с его работами, мы смогли окунуться в прошлое города, отображенное в его картинах. Ознакомиться с историей прошедших десятилетий.



**Свежий ветер на Иртыше**

...Ворохобин Владимир Кузьмич... Ветеран Великой Отечественной войны, живописец и график, автор лирических, индустриальных пейзажей, портретов, полотен на военно-патриотическую тематику, он вел большую общественную работу в Карагандинской организации Союза художников Казахстана, самозабвенно любил родной город, свою Родину, отдавая ей свое сердце. И оно трепетно жило в его картинах!

К 70-летию города готовится мини-альбом «Сарань глазами художников», в котором достойное место займет и творчество нашего земляка.

Известный французский художник Марк Шагал писал: «В нашей жизни есть одна единственная краска, как и на палитре художника, придающая смысл жизни и искусству. Это краска любви». Россыпи этой краски бережно хранятся во всех картинах Ворохобина Владимира Кузьмича, поэтому они так возвышенны, и так светлы!

**Татьяна Стрельчук**

ОЧС Г. САРАНИ ИНФОРМИРУЕТ

